

**ҚАЗАҚСТАН  
РЕСПУБЛИКАСЫ  
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ  
МИНИСТРЛІГІ**



**МИНИСТЕРСТВО  
ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ  
РЕСПУБЛИКИ  
КАЗАХСТАН**

010000, Нұр-Сұлтан қаласы, «Министрліктер Үйі»  
тел.: (7172) 74-24-28, факс: (7172) 74-24-16

010000, город Нур-Султан, «Дом министерств»  
тел.: (7172) 74-24-28, факс: (7172) 74-24-16

№ \_\_\_\_\_

**Қазақстан Республикасы  
Парламенті Мәжілісі**

*2021 жылғы 10 наурыздағы  
№ ДЗ-98 депутаттық сауалға*

**Құрметті депутаттар!**

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі депутаттық сауалда көтеріліп отырған Алматы қаласындағы балалар музыкалық мектептерін жекешелендіру мәселесі бойынша Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары Е.Л. Тоғжановқа қосымшаға сәйкес жауап жолданғандығын хабарлайды.

Қосымша: 5 п.

**Министрдің міндетін атқарушы**

**Ш. Каринова**

*Н. Ерманова, 74 27 14*

ҚАЗАҚСТАН  
РЕСПУБЛИКАСЫ  
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ  
МИНИСТРЛІГІ



МИНИСТЕРСТВО  
ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ  
РЕСПУБЛИКИ  
КАЗАХСТАН

БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

*15.03.2021 жыл*

НҰР-СҰЛТАН қаласы

№ *69-100*

город НУР-СҰЛТАН

### Іссапарға жіберу туралы

«Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» 2015 жылғы 23 қарашадағы Қазақстан Республикасы Заңының 38-бабының 1-тармағына, 57-бабына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі А.Ұ. Маминнің Қостанай қаласына жұмыс сапарына қатысушылардың құрамында 2021 жылғы 26 наурызда Қостанай қаласына іссапарға барамын.

2. 2021 жылғы 26 наурызда Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін уақытша атқаруды Қазақстан Республикасының Білім және ғылым вице-министрі Ш. Кариноваға жүктемін.

3. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Негіздеме: Бірінші басшының кеңесшісі Д.Ш. Сәрсенованың қызметтік жазбасы.

Министр

*А. Аймағамбетов*



А. Аймағамбетов

№ исх: 1907-1-613-Д/18-4 от: 19.03.2021

**ҚАЗАҚСТАН  
РЕСПУБЛИКАСЫ  
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ  
МИНИСТРЛІГІ**



**МИНИСТЕРСТВО  
ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ  
РЕСПУБЛИКИ  
КАЗАХСТАН**

010000, Нұр-Сұлтан қаласы, «Министрліктер Үйі»  
тел.: (7172) 74-24-28, факс: (7172) 74-24-16

010000, город Нур-Султан, «Дом министерств»  
тел.: (7172) 74-24-28, факс: (7172) 74-24-16

№ \_\_\_\_\_

**Қазақстан Республикасы  
Премьер-Министрінің орынбасары  
Е.Л. Тоғжановқа**

*2021 жылғы 11 наурыздағы  
№21-09/1580 дз тапсырмаға*

**Құрметті Ералы Лұқпанұлы!**

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаттары көтеріп отырған Алматы қаласындағы балалар музыкалық мектептерін жекешелендіру жөнінде Сіздің тапсырмаңыз бойынша Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің атына енгізілетін жауаптың қосымшаға сәйкес жобасын жолдайды.

Тапсырманы орындау тәртібімен енгізіледі.

Тапсырманың одан әрі орындалуын Министрліктің ішкі бақылауына ауыстыруды сұраймыз.

Қосымша: 4 п.

**Министр**

**А. Аймағамбетов**

*Н. Ерманова, 74 27 14*

*Алматы қ. № 2 Балалар музыка мектебін жекешелендіру нәтижелері бойынша ақпаратқа қатысты*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 30 желтоқсандағы № 1141 қаулысымен бекітілген Жекешелендірудің 2016-2020 жылдарға арналған кешенді жоспары шеңберінде 2017 жылы «Р. Глиэр атындағы №2 Балалар музыка мектебі» МКҚМ жекешелендірілген.

Бүгінгі таңда аталған мектепте 122 оқушы оқиды және 17 педагог жұмыс жасайды (*жекешелендіруге дейін 320 оқушы оқып, 48 педагог жұмыс жасаған*).

Мектептің жеке ғимараты болған жоқ, мектептің балансында мүліктері (*құрал-жабдықтары*) болды. Бүгінгі күні мектеп А. Байтұрсынұлы көшесі, 21 мекен-жайы бойынша жалпы ауданы 450 шаршы метр ғимаратты жалға алып отыр.

Жекешелендіруге дейінгі ата-ана төлемінің мөлшері айына 5 мың теңгені құраған, қалған шығындарды білім басқармасы төлеген.

Бүгінде білім беру төлемінің мөлшері айына 18 мың теңгені құрайды.

Қазіргі уақытта Алматы қаласында 17 мемлекеттік қосымша білім беру ұйымы қызмет етеді, оның ішінде 23 мыңға жуық баланы қамтыған Оқушылар сарайы, 7 аудандық Оқушылар үйі, Өнер мектебі, 8 балалар музыка мектебі бар.

Алматы қаласының әкімдігі бұдан әрі қосымша білім берумен тегін қамтылған балалардың санын арттыру мақсатында жұмыс жүргізіп жатыр. Осы мақсаттар үшін ағымдағы жылы Оқушылар сарайын жаңғырту, Алатау және Наурызбай аудандарында екі Оқушылар сарайын салу бойынша жобалық-сметалық құжаттар әзірленуде. Сонымен қатар, барлық қосымша білім беру ұйымдарының ғимараттарын жаңғырту жоспарланған.

*№1 Балалар музыка мектебі (хор), Прокофьев атындағы №3 Балалар музыка мектебі және №11 Балалар музыка мектебін жекешелендіру тізімінен алып тастауға қатысты*

Алматы қаласы әкімдігі Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2018 жылғы 19 қаңтардағы № 6-р өкімімен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметі Жұмыс жоспарын орындау барысында объектілерді жекешелендіру туралы шешім қабылдаған.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 29 желтоқсандағы №908 «Жекешелендірудің 2021-2025 жылдарға арналған кейбір мәселелері туралы» қаулысын орындау үшін жоғарыда аталған Жоспарға сәйкес Алматы қаласындағы кейбір объектілер, соның ішінде 3 балалар музыка мектебі (*№1 Балалар музыка мектебі (хор), Прокофьев атындағы №3 Балалар музыка мектебі және №11 Балалар музыка мектебі*) жекешелендіруге ұсынылған.

Жекешелендіру мәселесі әлеуметтік шиеленісті тудырғандықтан, Алматы қаласының әкімдігі үш музыкалық мектепті бәсекелестік ортаға берілетін объектілер тізімінен шығару мәселесін қарастыруда.

*Қазақстан Республикасындағы музыкалық және басқа да мамандандырылған мемлекеттік мектептер мен білім беру мекемелерін жекешелендіруге тыйым салуды белгілеуге қатысты*

Жекешелендірудің 2021 – 2025 жылдарға арналған кешенді жоспарға сәйкес жекешелендіруге және бәсекелес ортаға беруге жататын коммуналдық меншік объектілерінің тізбесіне енгізілген мемлекеттік меншік объектілерін сату туралы шешім қабылдау жергілікті атқарушы органның құзіретіне жатады.

*Мемлекеттік мамандандырылған, оның ішінде музыкалық мектептерді дамытудың кешенді жоспарын әзірлеуге қатысты*

Бүгінде Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы негізінде барлық жергілікті атқарушы органдар кең бейінді мектептен тыс ұйымдар желісін (оқушылар сарайлары, үйлері, орталықтары, өнер мектептері, аула клубтары және т.б.) дамытудың Жол картасын әзірлеп, жұмыс жасауда.

Сонымен қатар, Үкімет балаларды қосымша біліммен қамтуды арттыру бойынша бірқатар шаралар қабылдады. 2021 жылғы 8 қаңтарда қосымша білім беруге мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру қарастырылған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне білім беру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР Заңы қабылданды.

Қосымша білім беруге мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру жергілікті атқарушы органдарға балаларды қамтуды кезең-кезеңімен ұлғайту, олардың мүдделері бойынша жұмыспен қамтуды қамтамасыз ету, олардың үйлесімді өсуі үшін спорттық, шығармашылық, зияткерлік әлеуетті іске асыру, жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтарды азайту мәселелерін шешуге, сондай-ақ қосымша жұмыс орындарын құруға және материалдық-техникалық қамтамасыз етуді жақсартуға мүмкіндік береді. Жалпы, бұл норма қосымша білім беру қызметтерін ұсыну сапасын жақсартуға және әлеуетті арттыруға қызмет етеді.

Сонымен қатар, осы жылдан бастап мәдени-спорттық ұйымдарда балаларға арналған мемлекеттік шығармашылық және спорттық тапсырыстар да орналастырылатын болады. Жеке қабілеттерін дамыту үшін әр оқушыны бір тегін үйірмемен немесе секциямен қамту жоспарланған.

Қабылданған шаралар қосымша білім беру бағдарламалары шеңберінде оқыту процесін ұйымдастырудың ерекшеліктерін ескере отырып, қосымша білім беруді жүйелі негізде жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

*Относительно результатов приватизации детской музыкальной школы № 2 г. Алматы*

В рамках Комплексного плана приватизации на 2016-2020 годы, утвержденного постановлением Правительства Республики Казахстан от 30 декабря 2015 года № 1141, в 2017 году была приватизирована ГKKП «Детская музыкальная школа №2 им. Р. Глиэра».

В настоящее время в школе работают 17 педагогов и обучаются 122 учащихся (*до приватизации обучалось 320 учащихся, работало 48 педагогов*).

Школа не имела отдельного здания, на балансе школы находилось имущество (*инструменты*). Сегодня школа арендует здание общей площадью 450 кв.м. по адресу ул. А. Байтурсынова, 21.

Размер родительской оплаты до приватизации составлял 5 тыс. тенге в месяц, остальные затраты возмещались управлением образования. Сегодня размер оплаты за обучение составляет 18 тыс. тенге в месяц.

В настоящее время в городе Алматы функционируют 17 государственных организаций дополнительного образования, среди которых Дворец школьников, 7 районных Домов школьников, Школа искусств, 8 музыкальных школ с охватом более 23 тысяч детей.

Акимат города Алматы продолжает работу по дальнейшему увеличению охвата детей бесплатным дополнительным образованием. Так, в текущем году ведется работа по модернизации действующего Дворца школьников, разрабатывается проектно-сметная документация для строительства еще двух Дворцов школьников в Алатауском и Наурызбайском районах. Кроме того, в планах модернизация зданий всех внешкольных организаций.

*Относительно исключения из списка приватизации ГKKП «Детская музыкальная школа № 1», «Детская музыкальная школа № 3 им. С. Прокофьева», «Детская музыкальная школа № 11» управления образования г. Алматы*

В рамках исполнения Плана работы Правительства Республики Казахстан, утвержденного распоряжением Премьер-Министра Республики Казахстан от 19 января 2018 года № 6-р Акиматом города Алматы было принято решение о приватизации некоторых объектов.

Во исполнение постановления Правительства РК от 29 декабря 2020 года за № 908 «О некоторых вопросах приватизации на 2021-2025 годы» акиматом были предложены объекты для приватизации, в том числе 3 детские музыкальные школы (*детская музыкальная школа №1 (хоровая), детская музыкальная школа №3 имени Прокофьева и детская музыкальная школа №11*).

В настоящее время акиматом города Алматы прорабатывается вопрос об исключении трех музыкальных школ из перечня объектов, подлежащих передаче в конкурентную среду.

*Относительно запрета приватизации музыкальных и других специализированных школ и учреждений образования в Республике Казахстан*

Принятие решения о продаже объектов государственной собственности, включенных в перечень объектов коммунальной собственности, подлежащих приватизации и передаче в конкурентную среду относится к компетенции местного исполнительного органа.

*Относительно разработки комплексного плана развития государственных специализированных в том числе музыкальных школ*

На сегодня на основании государственной программы развития образования и науки Республики Казахстан на 2020-2025 годы разработана и реализуется Дорожная карта развития сети внешкольных организаций широкого профиля (*дворцов, домов, центров школьников, школ искусств, дворцы клубов и др.*).

Наряду с этим, Правительством принят ряд мер по увеличению охвата детей дополнительным образованием. В частности, 8 января 2021 года принят Закон РК «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам образования», предусматривающий размещение государственного образовательного заказа на дополнительное образование.

Размещение государственного заказа позволит местным исполнительным органам решить вопросы поэтапного увеличения охвата детей, обеспечения занятости по интересам, реализации спортивного, творческого, интеллектуального потенциала для их гармоничного роста, снижения правонарушений среди подростков, а также позволит создать дополнительные рабочие места и улучшить материально-техническое обеспечение. В целом данная норма послужит улучшению качества предоставления дополнительных образовательных услуг и росту потенциала.

Кроме того, с текущего года для детей в организациях культуры и спорта будет также размещаться государственный творческий и спортивный заказы. Планируется охватить одним бесплатным кружком или секцией каждого школьника для развития их индивидуальных способностей.

Принимаемые меры позволят реализовать модернизацию дополнительного образования на системной основе с учетом особенностей организации процесса обучения по программам дополнительного образования.